

Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1220 қаулысы.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі.

2014 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 177 және 178-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 21 қарашадағы
№ 1220 қаулысымен
бекітілген

Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2014 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 177-бабының 9) тармақшасына және 178-бабына сәйкес өзірленді және тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу тәртібін айқындайды.

2. Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты процестік шығындар есептеуге жатады және мыналардан:

1) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдарының іздестіру іс-шараларын жүргізу кезіндегі қызметтік іссапарларына арналған шығыстардан;

2) тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктінің, айыпталушиның, сottалушиның ұсталған жерінен қылмыстық жауапқа тарту орнына дейін теміржол, су, автомобиль және әуе көлігімен жол журу құнынан;

3) ұсталған жерінен қылмыстық жауапқа тарту орнына жеткізу жолында тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктінің, айыпталушиның, сottалушиның түрүзы қажет болған жағдайда тәуліктік шығыстардан тұрады.

2. Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушины, сottалушины іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу тәртібі

3. Тергеуден немесе сottан жасырынған күдіктіні, айыпталушины, сottалушины іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеуді қылмыстық қудалау органы мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарларға шыққан жағдайда:

қылмыстық қудалау органы лауазымды адамының іссапарда жүрген әрбір күні үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы өтеледі;

көрсеткен растау құжаттары бойынша (фискалдық чек, кіріс кассалық ордер, шот-фактура, шот, жүккүжат, хабарлама, ал тұрғаны үшін дара кәсіпкер берген құжаттарды ұсынған жағдайда, адамның мүлікті жалға беру құқығын растайтын құжаттар (жалдау шарты, патент, куәлік) және қонақүй қызметтерін берушілер ұсынатын басқа да растау құжаттары қосымша беріледі) тұрғын үй-жайды жалдауы бойынша:

қылмыстық қудалау органдарының басшылары мен басшыларының орынбасарлары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстардың сомасы тәулігіне Астана, Алматы, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында – айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда – айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен, аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен аспауы тиіс;

қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстардың сомасы тәулігіне Астана, Алматы, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында – айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда – айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен, аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда – айлық есептік көрсеткіштің төрт еселенген мөлшерінен және ауылдық округтерде айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінен аспауы тиіс;

расташы құжаттар болмаған кезде қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдары үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар, лауазымды адамдар

тегін берілген тұрғын үй-жайды пайдаланғаннан басқа жағдайларда, қызметтік іссапарлар бойынша тәулікақы нормасының 50 пайызы мөлшерінде өтеледі;

іссапарға жіберілген орынға жетуі және тұрақты жұмыс орнына қайтып келуі бойынша (әкімшілік іссапарға жіберілушіге қозғалыс құралдарын берген жағдайлардан басқа жағдайларда) көрсетілген жол құжаттарының негізінде:

теміржолмен жүрген кезде – купе вагонының (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысымен отыруға арналған жұмсақ креслолары бар екі орындық купе (ҰВ), сондай-ақ жүрдек поездардың "Турист" және "Бизнес" сыныпты вагондарын қоспағанда) тарифі бойынша;

су жолдарымен, тас және топырақ жолдармен – сол жергілікті жердегі қолданылып жүрген жол құны бойынша;

ерекше жағдайларда (Қазақстан Республикасынан тыс жерге іссапарға жіберілген жағдайда, транзитпен жүріп өту кезінде, көрсетілген көлік құралдарының болмауы немесе іссапардың шұғылдығы) мемлекеттік мекеме басшысының рұқсатымен жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысымен отыруға арналған жұмсақ креслолары бар екі орындық купе (ҰВ), сондай-ақ жүрдек поездардың "Турист" және "Бизнес" сыныпты вагондарының тарифтері бойынша теміржол көлігімен және әуе көлігімен – экономикалық сынып тарифі бойынша;

жол жүру билеттері мен қонақүйдегі орынды алдын ала броньдағаны үшін, сондай-ақ іссапарға жіберілген орнына бару және тұрақты жұмыс орнына қайтып келу кезінде поездарда төсек-орын жабдықтарын пайдалану құны осы шығыстарды растайтын құжаттар болған кезде;

жол жүру құжаттары болмаған кезде іссапар орнына бару және тұрақты жұмыс орнына қайтып келу шығыстары жол жүрудің ең төменгі құны бойынша есептеледі (әуе көлігін қоспағанда);

теміржол станциясына, айлаққа, әуежайға, егер олар елді мекеннен тыс жerde орналасса, растайтын құжаттар болған кезде автокөлікпен (таксиден басқа) жүруі бойынша;

қылмыстық қудалау органының бірінші басшысының немесе оның орынбасарының рұқсатымен жақын маңдағы аудан және облыс орталықтарына қызметтік автокөлікпен іссапарға жіберген кезде көлік шығыстары;

2) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасынан тыс жерге қызметтік іссапарға шыққан жағдайда процестік шығындар:

теміржолмен жүргенде – купе вагоны құнының мөлшерінде ("Турист" және "Бизнес" сыныптарын қоспағанда);

су жолдарымен, тас және топырақты жолдармен жүргенде – сол жерде қолданылатын жол жүру құны бойынша есептеледі;

қызметкерлерге басқа көлік шығыстары, тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі шығыстар, тәуліктік шығыстар "Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 ақпандағы № 108 қаулысында белгіленген нормаларға сәйкес өтеледі;

3) тергеуден немесе сottan жасырынған күдіктінің, айыпталушының, сottалушының қылмыстық жауапқа тарту орнына баруы кезіне жол жүру құжаттарының негізінде:

теміржолмен жүрген кезде – купе вагонының (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысымен отыруға арналған жұмсақ кресслолары бар екі орындық купе (ҰВ), сондай-ақ жүрдек поездардың "Турист" және "Бизнес" сыныпты вагондарын қоспағанда) тарифі бойынша;

су жолдарымен, тас және топырақ жолдармен – сол жергілікті жердегі қолданылып жүрген жол құны бойынша;

ерекше жағдайларда (Қазақстан Республикасынан тыс жерге іссапарға жіберілген жағдайда, транзитпен жүріп өту кезінде, көрсетілген көлік құралдарының болмауы немесе іссапардың шүғылдығы) қылмыстық қудалау органы басшысының рұқсатымен жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысымен отыруға арналған жұмсақ кресслолары бар екі орындық купе (ҰВ), сондай-ақ жүрдек поездардың "Турист" және "Бизнес" сыныпты вагондарының тарифтері бойынша теміржол көлігімен және әуе көлігімен – экономикалық сынып тарифі бойынша;

теміржол станциясына, айлаққа, әуежайға, егер олар елді мекеннен тыс жерде орналасса, растайтын құжаттар болған кезде автокөлікпен (таксиден басқа) жүруі бойынша.

Тергеуден немесе сottan жасырынған күдіктінің, айыпталушының, сottалушының ұсталған жерінен қылмыстық жауапқа тарту орнына дейін жол жүрген әрбір күні үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы өндіріледі.

4. Тергеуден немесе сottan жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сottалушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу адамды ұстаған немесе қылмыстық жауапқа тарту орнына жеткізген сэттен бастап бір ай мерзімде жүзеге асырылады.

5. Осы Қағидалардың 2-тармағының 1) – 3) тармақшаларында көзделген процестік шығындардың сомаларын растайтын құжаттар қылмыстық процесті жүргізетін органның қылмыстық іс материалдарына қосылады.